

Жеке тұлғаның ерік жүйесі

Орындаған: Екі шет тілі 102 топ магистранты

Рахимова Мөлдір

Жоспары:

- 1. Ерік туралы түсінік**
- 2. Еріктің физиологиялық негіздері**
- 3. Ерік сапалары**

Ері



- **Ерік** — адамның өз мінез-кұлкын саналы түрде меңгере алу қабілеті. Адамды әр алуан әрекеттер мен іске бағыттайтын нәрсе, — мақсат қою, соған талпыну. Мұны психологияда ниет (мотив, себеп) деп атайды.


Ерік

Адамның мақсаты, қалауы, әр түрлі істерді орындауға ұмтылуы, жалпы алғанда, ниеттерінің жиынтығы психологияда адам ниетінің өрісі делінеді. Басқаша айтқанда, бұл — адамның бағдарлы әрекеті. Сонымен, адам ниетінің өрісіне оның саналы әрекеті, еріксіз істері, айқындалған істері, мақсаты, әлі жете анықталмаған істері де жатады. Ниеттерді орындауда тіршілік үшін маңызды да, мәні аз да істер кездесіп отырады. Ниет өрісі өзгергіш, әрі қозғалғыш, сондай-ақ сыртқы жағдайларды өзгеріп отыруына орай айнымалы болып келеді. Алға қойған мақсатқа сәйкес ниеттің мазмұны да айқындала түседі. Осы тұрғыдан алғанда, адам ниетінің мәні жекеменшікті не менмендікті, өрісі тар тоғышарлықты не өрісі кең қоғамдық сипатты білдіреді. Адам ниетінің өрісі белгілі мақсатқа бағыттталып, оның азаматтық қасиеті мен іскерлігін, адамгершілік сапаларының өзгеруі мен тұр-сипатын білдіреді.

Әрбір жеке адамның ерікті іс-әрекеттерінің өзіндік синаты бар. Бұл сипат қоғамдық маңызды жұмыстарды орындау үшін мәні аз іс-әрекеттерді соған бағындырып, өзінің жеке мақсатынан бас тартып отырады. Ерік — адамның қарқынды іс-әрекетін білдіретін процесс. Сөйтіп, адамның мінез-кұлқы мен әрқилы істерді орындауға ұмтылуы маңызы зор, мақсатты істерді орындау-а бағытталады. Адам еркінің, көрінісі оның саналы түрдегі іс-әрекетінен байқалады. Қиын-қыстау жағдайлардан жол тауып шығуға жетелейді, соны жүзеге асыруға қажетті құрал табады.

Тарихта болған белгілі адамдарды өмір жолына назар аударсақ, олардың алға қойған мақсаттарын орындау үшін орасан зор күш жұмсап, рухтанып, қиыншылықты ерікті істерімен жекіп шыққанын көреміз. Бұған мысал ретінде «Шығыстың, қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүктің Ұлы Отан соғысындағы ерлігін айтуға болады, Ел басына күн туған шақта туған жерге деген сүйіспеншілік осынау нәп-нәзік қазақ қыздарының. бойына күш-жігер, рух берді. Олар ерлік пен батылдықтың" өшпес үлгісін көрсетіп, Отан үшін жанын пида етті. Бұл да — адам еркінің бір көрінісі.

Ерік қоғамдық еңбек процесінде пайда болып, қалыптасқан. Тек еңбек ету арқылы адам өзінің әр түрлі амалдарын, қимылдарын көрсетіп, түрлі қажеттерін отей алады. Адамның еріктік қимылдары оның өмір сүріп отырған ортасының, яғни сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуіне байланысты көрінеді.



Ерiк

Физиологиялық негiзi

Ерiктiң әрекеттерi

Қаңқа бұлшық еттерi

Жүйке жүйесi

- Қимыл
- Қимыл
- Қимыл

Әрекет акцепторлары

Қызметтік жүйе

Еріктің физиологиялық негіздері

- Еріктің физиологиялық механизмі де ми қабығының рефлекстік табиғатына жатады. Ерік процесінде жоғарыда айтылып өткен ерікті қозғалыстардың алатын орны ерекше.
- ❖ **Ерікті қозғалыс** дегеніміз мақсатқа бағытталған қозғалыстар, яғни күрделі шартты рефлексстер.
- ❖ Еріксіз қозғалыстарда тумалық қасиет болса, ерікті қозғалыстар өмірде жүре-бара қалыптасады.
- ❖ **Ерікті қозғалыстарды орындау дегеніміз** — еріктің ең карапайым түрде сыртқа шығуы.

Ерікті қозғалыстардың рефлекстік табиғатын И. М. Сеченовтен кейін зерттеген И. П. Павлов болды. И. П. Павлов және оның шәкірттері басқа анализаторлар тәрізді қозғалыс анализаторы да, яғни ерікті қозғалыстар да түрлі тітіркендіргіштермен уақытша жүйке байланысына түсуге қабілетті екенін корсетті. Адамның ерікті қозғалыстары ми қабығында бұрын пайда болған уақытша байланыстардың негізінде жасалады. Мұндай қозғалыстар үшін соз ерекше тітіркендіргіш болып табылады, түрлі қозғалыстарды реттеп, басқарып, тежеп отыратын да осы создік сигналдар. Адамның коптеген қозғалыстары іштей сөйлеу арқылы да пайда болып отырады, мұндай сөздер түрлі қимыл қозғалыстың "басталу белгісі". Адам соз арқылы нұсқау алады немесе бір тоқтамға келеді, алдына қойған максатына сәйкес қимыл-қозғалыстарын реттестіреді. Қозғалыс анализаторының жүйке клеткалары мидың орталық сайының алдынғы жағына орналасқан. Осы жерде пирамида формасындағы алып жүйке клеткалары бар. Бұлар жүйке талшықтары арқылы қаңқаның бұлшық еттерімен байланысып жатады. Қозғалыс анализаторын құрайтын жүйке талшықтарын *пирамидалық жол* деп атайды. Пирамидалық жолдың қызметіне зақым келсе, адамның қимыл-қозғалысының берекесі кетеді, мұндайда оны паралич ауруы соғуы мүмкін.

Ерік сапалары

■ 1

■ **Еріктің күшіне қарай** : тоқтамға келушілік, кедергілерді жібере алу, өзін өзі меңгеру

■ 2

■ **Ерік қимылының сапаларына қарай**: жеке мүддені ұжым еркіне қоғам мүддесіне бағындыра салуда көрінетін сапалар

■ 3

■ **Еріктің дербестігінен басқару сапалары**: инициатива, принцип, тәртіптілік ... т.б.

Ерік

А) Тоқтамға келгіштік

Тоқтамға келгіштік дегеніміз адамның небір қиын-қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы. Тез тоқтамға келу үшін адам асығып-аптықпайды. Бұл әрбір істі ой таразысына салуды қажет ететін қасиет. Тек осындай жағдайда адам алдындағы ісін дұрыс бағалап, жоспарлай алады, өзінің барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланады. Басқалардың ақыл-кеңесін тыңдау, ақылға салу, өзін тежей алу, қателерді көре білу, тәуекелге бел байлай алушылық — тоқтамға келгіш тән қасиеттер.

Ә) Табандылық

Табанды адам алған бетінен қайтпай, көздеген мақсатына қайткен күнде де жетуді көздейді. Ол қажымай-талмай әрекет етіп, осы жолда небір қиыншылыққа төзіп, оларды бірінен соң бірін жеңіп отырады. Мұндай адамның ерік күші қиыншылыққа қарсы батыл күрес үстінде онан сайын нығая түседі. Алматы облысының Шелек ауданының тұрғыны Тұрсын Мынбаев ұлы Отан соғысында екі қолынан бірдей айрылды да, жарымжан болып қалды. Бірақ ол қиыншылыққа мойымады.

Б) Үстамдылық

Үстамдылық дегеніміз адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, босқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті. Үстамды адам әр кез терең ойланып, істің тетігін аңғара отыра әрекет етеді. Ол ағат істерге бара бермейді, көрсе қызар, яғни нәпсінің құлы емес. Мұндай адам өзінің бар күш-жігерін тек алдындағы мақсатын орындауға ғана арнап отырады. "...нағыз зор ерік дегеніміз бірдемеге тек тілек етіп, соған қол жеткізу емес,— дейді А. С. Макаренко,— сонымен бірге керек болған жағдайда қажетсіз нәрседен өзін бас тарта білуге мәжбүр етуі керек.

В) Тәртіптілік пен жинақылық

Тәртіптілік дегеніміз адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті. Адам негүрлым өз қылығының қоғамдық мәнін жақсы ұғынса, соғұрлым зор сеніммен, белсенділікпен әрекет етіп, өзінің Отан алдындағы жауапкершілігін жақсы түсінеді. Жекешіл, ұжымнан оқшауланып жүретін адамда тәртіптілік жағы аз болады. Кісінің тәртіптілігі оның жинақылығымен, іс-әрекетінің жоспарлығымен тығыз байланысты. Адам әр уақытта бір іске кірісерде оны мұқият жоспарлап алады. Адамның тәртіптілігі мен жинақылығы оның қоғамдық әрекетімен қатар жеке өмірінде де ерекше маңыз алады.

г) Ерлік

Ерлік дегеніміз алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның қолынан келетін қасиет. Сонымен қатар, ерлік — батылдық пен ұстамдылықтың, табандылық пен тез тоқтамға келгіштіктің адамның басында ойдағыдай тоғысуы.